

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 352 бұйрығына
4-қосымша

**"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың
бірыңғай бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2015 № 760 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2015 № 760 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2015 № 760 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 48 (қырық сегіз) жұмыс күні ішінде;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 20 (жиырма) минут.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.06.2016 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: грант беру туралы шарт не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының **9-1-тармағында** көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.

15.03.2017 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесі бойынша демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00, 14.30, 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30, 9.00-ден 18.00, 18.30, 19.00-ге дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.

15.03.2017 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы стандартқа **қосымшаға** сәйкес гранттар беру бойынша конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім;

заңды тұлғаны (дара кәсіпкерді) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқ екені туралы анықтама;

өтінім берілген кездегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен және өтініш берушінің мөрімен (болған жағдайда) расталған анықтама;

бизнес-жоба;

Бағдарлама және/немесе Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

кәсіпкердің ағымдағы шотында ақша қаражатының бар екені туралы банк шотынан үзінді көшірме немесе жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар;

кәсіпкердің атынан өтінім беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген адам төлқұжатының көшірмесі (заңды тұлғаның атынан – заңды тұлға растаған).

Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.06.2016 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.06.2016 № 281 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 2-тарау 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында:

жеке тұлғалардың – аты-жөні, тегі, пошталық мекен-жайы көрсетіледі;

заңды тұлғалардың - атауы, пошталық мекен-жайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының арызы тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Арыздың қаралу нәтижесі туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошталық байланыс түрінде немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол түрде беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің көрсетудің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі **уәкілетті органға** жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының **заңнамасында** белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайы Министрліктің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтер арқылы, қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары www.economy.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі **бірыңғай байланыс орталығы: 1414.**

*Ескертпе: * "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының **Заңы** қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;*

"Бизнестің жол картасы -
2020"

бизнесті қолдау мен
дамытудың
бірыңғай бағдарламасы
шеңберінде мемлекеттік
гранттар
беру" мемлекеттік
көрсетілетін
қызметі стандартына

ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2015 № 760 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың
бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде
шағын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттарды
беру үшін конкурстық іріктеуге қатысуға
ӨТІНІМ**

(бұдан әрі - Кәсіпкер)

(заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы; жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжаттың деректері)

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы; жеке кәсіпкердің тұрғылықты жері)

(қала (аудан) кодын көрсете отырып, байланыс телефонының нөмірі, электронды пошта мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(салық салу жүйесін көрсету)

(негізгі қызмет бағытын көрсету)

(экономика саласын көрсету)

(өтінімді беру сәтіне жалдамалы жұмыскерлердің орташа санын көрсету)

(ұйым басшысы (Т.А.Ә., лауазымы, байланыс телефоны)

(жобаның жауапты орындаушысы (Т.А.Ә., лауазымы, байланыс телефоны) ісін жаңа бастаған жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттарды (жеке бизнесін құруға) беру үшін конкурстық іріктеуге қатысу туралы мәлімдейді.

Кәсіпкер конкурстың шарттарымен танысқан және осы өтінімнің қосымшасына сәйкес қажетті құжаттарды береді.

Кәсіпкер бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімінен кешіктірілген берешектің жоқ екендігін растайды.

Кәсіпкер өзі ұсынған мәліметтердің шынайы болып табылатындығын растайды, және Конкурстық комиссияның мәліметтерін іріктеп тексеруге қарсылық білдірмейді.

Кәсіпкер, осы өтінімге қол қоя отырып, келесілерді мәлімдейді және кепілдік береді:

1. Осы өтініммен бірге, немесе жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінің сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші тапсырылған (ұсынылған) немесе ұсынылатын барлық мәліметтер, ақпарат және құжаттама шынайы болып табылады және төменде көрсетілген күнге шындыққа толығымен сәйкес келеді, аталған мәліметтер өзгертілген жағдайда кәсіпкер көрсетілетін қызметті берушісіне дереу хабарлауды міндетіне алады.

2. Осы өтінішті қарау шеңберінде талап етілген, банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпаратты және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушісінің алғашқы талап етуі бойынша беруге және ашуға міндеттенемін.

3. Көрсетілетін қызметті беруші аталған куәландырулар мен кепілдемелердің шынайылығын тексермейді.

4. Кәсіпкерге жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы ескертілген.

5. Кәсіпкердің жарғылық құзыреттілігі осы өтінішті берілген өтінішке қол қоятын тұлғаға беруге мүмкіндік беретіндігін растайды.

6. Көрсетілген мәліметтер мен ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда берілген өтініштің көрсетілген деректердің анық еместігін растайтын мәліметтер анықталатын кез келген кезеңде қабылданбайтындығымен келісемін, бұл жағдайда көрсетілетін қызметті беруші қабылдамау себептерін жарияламауға құқылы.

Кәсіпкер көрсетілетін қызметті берушіге төмендегілер бойынша өз келісімін береді:

1. Көрсетілетін қызметті беруші осы өтініште көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және Кәсіпкер ұсынған құжаттарды тексеру және қарастыру мақсатымен мүдделі үшінші тұлғаларға ұсынуға құқылы.

2. Осы өтініште берілген барлық мәліметтер, сондай-ақ көрсетілетін қызметті беруші талап еткен барлық құжаттар Бағдарлама аясында мемлекеттік гранттарды беру үшін ғана ұсынылған.

3. Көрсетілетін қызметті беруші Кәсіпкер хабарлаған кез келген өзі туралы ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады, ал Кәсіпкер ұсынған құжаттар мен өтініштің түпнұсқасы, мемлекеттік грант берілмеген болса да көрсетілетін қызметті берушісінде сақталатын болады.

4. Көрсетілетін қызметті берушісі осы өтінішті қарауға қабылдауы, сондай-ақ Кәсіпкердің ықтимал шығындары (мақсатты грантты алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге, және басқаға) көрсетілетін қызметті берушісі мақсатты грантты беру немесе Кәсіпкердің шығасыларын өтеу міндеттемесі болып табылмайды.

5. Грантты беру мәселесін қарау тәртібімен танысқанын және келісетіндігін растайды, кейін көрсетілетін қызметті берушісіне наразылық білдірмеймін.

Жеке кәсіпкер/
Заңды тұлға басшысының лауазымы _____
(қолтаңба) (ТАӘ)
МО

"Бизнестің жол картасы -
2020"
бағдарламасы шеңберінде
мемлекеттік
гранттар беру" мемлекеттік
көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша

Ұсынылған құжаттардың тізбесі

№ Заңды тұлға	Бет саны	№ Жеке кәсіпкер	Бет саны
1	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі	1	Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі
2	Салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесі	2	Салық органында есепке қою туралы куәліктің (хабарламаның) көшірмесі
3	Салықтар, алымдар мен жарналар бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жағдайы туралы анықтама	3	Салықтар, алымдар мен жарналар бойынша бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы анықтама.
4*	Өтінімді беру сәтіне басшының қолымен және өтінім берушінің мөрімен куәландырылған жалдамалы қызметкерлердің орташа саны туралы анықтама	4*	Өтінімді беру сәтіне басшының қолымен және өтінім берушінің мөрімен куәландырылған жалдамалы қызметкерлердің орташа саны туралы анықтама
5	Бизнес-жоба	5	Бизнес-жоба
6	Кәсіпкердің "Бизнес кеңесші" немесе Жұмыспен қамту бағдарламасы 2020 курстарында қысқа мерзімді оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі	6	Кәсіпкердің "Бизнес кеңесші" немесе Жұмыспен қамту бағдарламасы 2020 курстарында қысқа мерзімді оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі
7*	Өкілге берілген сенімхат	7*	Өкілге берілген сенімхат
8	Жарғының көшірмесі	8*	Қызмет түріне лицензияның

көшірмесі

9* Қызмет түріне лицензияның
көшірмесі

* қажет болған жағдайда толтырылады

Үміткер _____

М.О. (қолтаңба) Т.А.Ә., лауазымы

Өтінім № " ____ " _____ 20__ ж. " ____ " сағ. " ____ " мин.

Күні: _____ Қолтаңба: _____

Берілген өтінім нысанына жұмыс орнынан анықтаманы қосымша беру
қажет.